



TEACH FOR  
QAZAQSTAN

БҮГІНГІ ШАБЫТТАНҒАН  
МҰҒАЛІМ -  
ЕРТЕҢГІ  
ШОҚТЫҒЫ БИІК ҰЛТ

**Біз** Қазақстанда білім беру мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымбыз. Біз өмірінің 2 жылын әлсіз контекстегі мектептерде білім беруге арнағысы келетін әртүрлі саладағы мұғалімдерді, жас және тәжірибелі мамандарды шақырамыз, таңдаймыз, оқытамыз және қолдаймыз.

Біз **БАЛАЛАРҒА** үлгі бола алатын, олардың **ӘЛЕУЕТІН АШУҒА** көмектесетін, балаларға жай ғана мұғалім емес, тәлімгер және дос бола алатын **КӨШБАСШЫЛАРДЫ** іздейміз.




**БІЗ** сыныптағы балалардың дамуына және тұтастай білім беру жүйесінің дамуына ықпал ету үшін балалармен өз білімдерін, құзыреттерін, дағдылары мен тәжірибелерімен бөлісетін **КӨШБАСШЫЛАР** қауымдастығын құрамыз.

## БҰЛ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

*елдегі демографиялық өсу және кадрлардың жетіспеушілігі*



**Қазақстанда 7637 мектеп бар.** Күн сайын бір мектепке барып отыратын болсаңыз, оған **20 жыл** қажет болады.



**10 мектептің 8-і ауылда.** Алайда барлық оқушылардың **56%-ы қалалық** мектептерде оқиды.



Қазақстан 148 елден білім беру жүйесінің сапасы бойынша әлемде **88-ші орында\***.



Елімізде **2 500 000 оқушы** бар, яғни еліміздің **әрбір 7-ші тұрғыны – оқушы**. Бұл Латвия мен Исландияның барлық тұрғындарынан көп.

\*Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингінде



**Біз** білім берудегі теңсіздік мыналардан туындайды деп санаймыз:

- **әлеуметтік факторлар** (өмір деңгейі, отбасының әл-ауқаты және т.б.),
- **экономикалық факторлар** (инфрақұрылымның нашарлығы, аймақтардың қашықтығы, материалдық базаның болмауы және т.б.),
- **сенім факторлары** (ішкі наным, жалпы теңдік қолжетімді емес деген стереотиптік ойлау, ақпараттың аздығына байланысты табысқа жету мүмкін емес деген сенім және т.б.).

# Teach for All

Teach for Qazaqstan 2007 жылы құрылған Teach For All жаһандық ұйымының идеясы мен үлесінен шабыт алады. Ұйым 60 тәуелсіз серіктес ұйымдардан тұрады, олардың әрқайсысы өз елдерінде білім беру теңдігіне қол жеткізу үшін жұмыс істейді.

Teach For All халықаралық бағдарламасының **15 жылдық тәжірибесі** Қазақстанда бағдарламаны табысты **дамытуға** және **жылдам масштабтауға** ықпал ететін болады.

**60** ел

Дүние жүзінен

**50 000-нан**

астам мұғалім

**4700**

мектепті АҚШ-тағы бағдарлама түлектері басқарды

30 жасқа дейінгі түлектердің

**30-дан 8-і**

осы бағдарламалардың түлектері (Forbes 2015 мәліметі бойынша)

Бағдарлама түлектерінің

**70%**

білім саласында қалады

Ұлыбританиядағы Оксфорд пен Кембридж түлектеріне

**№1**

жұмыс беруші

## TEACH FOR QAZAQSTAN - TEACH FOR ALL ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ СЕРІКТЕСІ

### Teach For All серіктестігіне қойылатын талаптар

- Автономия
- Жергілікті контексті есепке алу
- Teach for All негізгі принциптеріне сәйкес болу

### Teach For All бізге не береді?

- Ғаламдық желі және ынтымақтастық
- Ортақ ресурс пен тәжірибе
- Кәсіби даму және көшбасшылық мүмкіндіктері
- Түлектер желісі және қолдау
- Халықаралық деңгейде бізге деген сенімнің артуы



teachforall • Подписаться



teachforall We start the week exciting news! 🎉🎉  
@Teachforqazaqstan has joined the global network! Join us in saying WELCOME 🌍

#AGlobalNetwork #SDG4  
#CollectiveLeadership  
#LearningTogether  
#ConnectingAcrossBorders

2 нед.



ligioshka ¡Bienvenidos a la Tf

1 нед. Ответить



zhandos.aidarkhanov 🙌🙌



# Жобаның мақсаттары:

- 1** Педагогикалық мамандыққа жоғары оқу орындарының үздік түлектерін/түрлі саладағы мамандарды тарту
- 2** Ауылдарда және қалаларда күрделі әлеуметтік контексті бар мектептердің балаларын заманауи білім беру мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету
- 3** Жалпы білім беретін мектептер мен олардың командаларын жүйелі және стратегиялық дамытуды қамтамасыз ету
- 4** Педагогикаға әртүрлі кәсіби салалардан келген өзгерістер көшбасшыларының/агенттерінің қауымдастығын құру
- 5** Жалпы білім беретін мектептерге озық педагогикалық тәжірибелер мен технологияларды енгізу
- 6** Қазақстандық мектептегі білім беру жүйесін трансформациялау үшін модельдік шешімдер әзірлеу
- 7** Жергілікті қауымдастықтарды дамыту үшін қоғамдық ресурстарды табу және біріктірі



## TEACH FOR QAZAQSTAN I АҒЫМЫ

Биыл бірінші ағым Қарағанды облысында іске қосылады.

Әр ағынмен жобаның географиясы кеңейеді.

Өтінімдерді қабылдау және іріктеу кезеңі: **2023 жылғы 9 қаңтар-3 наурыз**

Тіркелгендер саны: **3000-нан астам қатысушы**

Өтінімдерді толығымен толтырды: **шамамен 500**

Жазғы институтқа сәтті өтіп, іріктелгендер: **49 жеңімпаз**

Қатысушылар Астана, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Алматы, Талдықорған, Жетісу, Абай, Семей, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Шымкент, Тараз, Кентау, Қызылорда, Жезқазған, Қостанай, Орал, Түркістан, Көкшетау, Қаратау, Қордай, Текелі, Жетісай және т.б. сияқты әртүрлі қалалар мен облыстардан келген.

Біз Teach for Qazaqstan әркімге өмірді өзгертетін құнды тәжірибе болатынына сенеміз!

**TEACH FOR QAZAQSTAN – БОЛАШАҚ МЕКТЕП ПАРТАСЫНАН  
БАСТАЛАДЫ**



# TFQ жобасының І ағымы





## **Біз Компанияның әлеуметтік жауапкершілігін іске асыру аясында сіздің аймағыңызда жобаны іске асыруды ұсынамыз!**

*Жобаны іске қосу мыналарды қамтиды:*

- педагогикалық мамандыққа жоғары оқу орындарының үздік түлектерін/түрлі саладағы мамандарды тарту;
- болашақ өзгерістердің көшбасшыларын таңдау;
- жобаға қатысушыларды оқыту;
- қатысушыларды сіздің өңіріңіздің жалпы білім беретін мектептеріне жұмысқа орналастыру процесінде сүйемелдеу;
- мектептердегі 2 жылдық еңбек қызметі барысында бағдарламаға қатысушыларды сүйемелдеу;
- бағдарламаның серіктес мектептерінің басқарушы командаларын оқыту.

# Бізді қолдайды

## Teach For All



# Біздің серіктестер



## Teach for Qazaqstan қоғамдық қорының негізін қалаушылар



**Арман Шоқпаров** - People Consulting компаниясының серіктесі және On Point.Digital Recruitment негізін қалаушы



**Гүлнар Салмен** - Teach For Qazaqstan ҚҚ директоры, Кавказ және Орталық Азиядағы Халықаралық Бакалавриат мектептері қауымдастығының негізін қалаушы



**Дулатбек Икбаев** - Teach for Qazaqstan Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қордың құрылтайшысы және Орталық Азиядағы McKinsey & Company басқарушы серіктесі

\*Барлық фотосуреттер шынайы, біздің Қарағанды облысына жасаған сапарларымызда түсірілген



**TEACH FOR  
QAZAQSTAN**

# Teach for



instagram



site

**Гүлнара Салмен**  
**«Teach for Qazaqstan» ҚҚ CEO**  
**Тел.: +7 (701) 409-31-07**  
**E-mail: [g.salmen@teachforqazaqstan.org](mailto:g.salmen@teachforqazaqstan.org)**

**Web-site: [teachforqazaqstan.org](http://teachforqazaqstan.org)**  
**Instagram: [@teachforqazaqstan](https://www.instagram.com/teachforqazaqstan)**  
**E-mail: [info@teachforqazaqstan.org](mailto:info@teachforqazaqstan.org)**  
**Call-center: +7 771 755 4545**